

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ИНКЛЮЗИВТІ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ
ОРТАЛЫҒЫ**



Бекітілді
Басқарма Төрағасы-ректор
У.ма. Жұманкулова Е.Н

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ КОНЦЕПЦИЯСЫ
2025–2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН**

АЛМАТЫ 2025

1. Жалпы ережелер

Инклюзивті білім беруді дамыту Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясатының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады және қоғамды ізгілендіруге, теңдік пен әлеуметтік әділеттілікке ұмтылуын көрсетеді. Инклюзивті білім беру барлық білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне, даму ерекшеліктеріне, денсаулық және әлеуметтік жағдайына, ұлтына және басқа да факторларына қарамастан сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында инклюзивтік білім беру ортасының техникалық бейімделуі ғана емес, сонымен қатар оқыту тәжірибесін түбегейлі өзгерту көзқарасы туындауда.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті еліміздегі педагогикалық кадрларды даярлаудағы жетекші жоғары оқу орны бола отырып, инклюзивті білім беру құндылықтарын ілгерілетуде әлеуметтік және кәсіби жауапкершілігін сезінеді. Жоғары білімге қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған Университет ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар мемлекеттік стратегияны жүзеге асыруға белсенді түрде қатысады. Олардың академиялық жетістіктеріне, әлеуметтік бейімделуіне және жеке өзіне-өзі қызмет етуін жүзеге асыруына ықпал ететін жағдайлар жасайды.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында бекітілген келесі принциптерге негізделген:

- Сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі;
- Білім алушылардың интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, барлық деңгейдегі білім берудің қолжетімділігі;
- Азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке тұлғаның еркін дамуының басымдығы;
- адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- білім беру жүйесін демократиялық басқару, оқу қызметінің ашықтығы.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді жүзеге асыруды реттейтін нормативтік және заңнамалық актілерге мыналар жатады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары» туралы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;
«Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау саласындағы әлеуметтік қызмет көрсету және әлеуметтік қамсыздандыру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 27 ақпандағы № 49, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 27 ақпандағы № 54 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 1 наурыздағы № 7 бірлескен бұйрығы;
«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы;
«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ;
«Мүгедектердің құқықтары туралы» конвенцияны ратификациялау туралы «Қазақстан Республикасының Заңы» 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V ҚРЗ;
«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы;
Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде инклюзивті білім беру кеңістігін құру – уақыт талабы ғана емес, сонымен қатар қазақстандық білім беруді халықаралық стандарттар мен ұлттық стратегияларға сәйкес жаңғырту курсының заңды жалғасы ретінде бұл Тұжырымдама 2025–2027 жылдарға арналған Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің инклюзивті білім беруді дамыту стратегиясын, мақсаттарын, бағыттары мен тетіктерін айқындайтын іргелі құжатқа айналуға негіз бола алады.

2. Ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі білім алудың қолжетімділігін кеңейтуге және студенттердің барлық санаттары үшін тең жағдай жасауға бағытталған. Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы) сәйкес инклюзивті білім беруді дамыту ұлттық саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің физикалық, ақпараттық және білім беру мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді

1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдауды реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды әзірлейді және енгізілді (Инклюзивті білім беруді дамыту орталығы туралы ереже);

2) инфрақұрылымның дамуы есепке алып талдау жүргізіп отырады:

Ғимараттар	лифт	пандус	тұтқалар	Белгілер көрсеткіштер	Шакыру түймесі	Санитарлық бөлме
Бас ғимарат	-	+	+	+	+	+
1 ғимарат	-	+	+	+	+	+
2 ғимарат	-	+	+	+	+	+
3 ғимарат	+	+	+	+	+	+
1 жатақхана	-	+	-	+	+	+
2 жатақхана	-	+	-	+	+	+
3 жатақхана	-	+	-	+	+	+
4 жатақхана	+	+	-	+	+	+
5 жатақхана	-	+	-	+	+	+
6 жатақхана	+	+	-	+	+	+
7 жатақхана	-	-	-	+	+	-

- мамандандырылған аймақтар жабдыкталған:

Жабдықтың атауы	Орналасқан жері	Саны
Мәтінді дыбыстау функциясы бар бейне үлкейткіш (көру қабілеті бұзылған студенттер үшін)	Ғылыми кітапхана	1
дыбысты күшейтетін жабдық (есту қабілеті нашар студенттер үшін)	4, 5 дәріс залдары, мәжіліс залы	3
Үлкен түймелермен бейімделген пернетақтасы бар компьютер (тірек-қимыл аппараты бұзылған студенттер үшін)	Ғылыми кітапхана	1

- педагогикалық ұжым жүйелі түрде инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті:

2023	2024	2025
147	670	380

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге қолдау көрсету үшін психологиялық-педагогикалық қызмет түрін ұйымдастыру қарастырылған;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер санының тұрақты өсу үрдісі байқалады:

Оқу жылы	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер саны
2020–2021	18
2021–2022	31
2022–2023	43
2023–2024	60
2024–2025	105

Қолжетімді білімге сұраныстың артуы инклюзивті ортаны және ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдау тетіктерін одан әрі жетілдірудің өзектілігін көрсетеді.

Сондай-ақ, бір қатар жүйелі шектеулер анықталды:

- құрылымды бөлімдер арасында өзара жүйелі байланыстың болмауы;
- іске асырылған шараларды бақылау мен бағалау жүйесінің жеткіліксіздігі;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттермен кері байланыс орнату мен стратегиялық жоспарлау процестеріне тартудағы шектеулер;
- физикалық қолжетімділікке бағытталған іс-шаралардың фрагменттік сипаты.

Осылайша, университетте нормативтік-құқықтық және инфрақұрылымдық қамтамасыз етуді ғана емес, сонымен қатар педагогикалық қолдауды, психологиялық және әлеуметтік қолдауды, кадрларды жүйелі дайындауды және ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің университеттің оқу процесі мен сабақтан тыс өміріне қатысуды қамтитын толық құрылған, тұрақты инклюзивті білім беру моделі жоқ.

Инклюзивті ортаны дамытудың перспективалық бағыттары:

Тұрақты инклюзивті модельді әзірлеу үшін жеке жағдайдан жүйелік тәсілге көшу қажет. Университеттің инклюзивті әлеуетін нығайту мақсатында:

- Ғылыми кеңес деңгейінде инклюзивті білім беруді дамыту бағдарламасын әзірлеу және бекіту;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау және әлеуметтік бейімдеу туралы ережені дайындау;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін сенімділікті, өзін-өзі таныстыру дағдыларын және көшбасшылықты дамытуға бағытталған тренингтер мен шеберлік сыныптарын ұйымдастыру;
- «Инклюзивті университет: принциптер, тәжірибелер, құзыреттер» институттың қызметкерлеріне, кафедралардың оқытушылық құрамына және бөлім қызметкерлеріне арналған біліктілікті арттыру курстарын енгізу;
- келесі параметрлерді қамтитын инклюзивті ортаны индикативті бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу;

- инфрақұрылымның қолжетімділігі;
- білім алушылардың қанағаттануы;
- оқу үлгерімі;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқу процесіне тарту;

3. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде инклюзивті білім беруді дамыту мақсаттары, міндеттері және принциптері

Мақсаты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде инклюзивті білім беруді дамытудың мақсаты ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің сапалы жоғары білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін тұрақты, икемді, қолайлы интеграциялық білім беру ортасын құру болып табылады. Осы шеңберде әрбір студенттің оқу процесіне толық қатысуы, академиялық және тұлғалық өсуі, әлеуметтік және кәсіби дамуына қатысты жағдай жасалуы керек.

Негізгі міндеттері

Көзделген мақсатқа жету үшін Тұжырымдама келесі негізгі міндеттерді іске асыруды көздейді:

1. Университет ғимараттарында кедергісіз орта құру, оның ішінде физикалық кеңістікті, университеттің ақпараттық инфрақұрылымын және қызметтерін әртүрлі топтағы мүгедектердің қажеттіліктеріне бейімдеу;
2. Білім беру траекториясының барлық кезеңдерінде – оқуға қабылданғаннан бастап оқуды аяқтағанға дейін ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға қолдау көрсету және әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ету;
3. Инклюзивті білім берудің заманауи тәсілдерін жүйелі түрде кәсіби дамыту және енгізу арқылы оқытушылар мен қызметкерлердің кадрлық әлеуетін дамыту (университет әкімшілігі);
4. Ресурстық базаны қалыптастыру: ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға бейімделген оқу-әдістемелік материалдардың, техникалық құралдардың және бағдарламалық ресурстардың мамандандырылған қорын құру және толықтыру;
5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге білім беру қажеттіліктерін бақылау және талдау, кері байланыс механизмдерін енгізу, қолдау бағдарламаларының тиімділігі мен бейімделуін бағалау;
6. Инклюзивті білім беруге және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық ұйымдармен, мектептермен, қорлармен және халықаралық құрылымдармен серіктестікті дамыту;
7. Университет ортасында инклюзивті мәдениетті дамыту, білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында ынтымақтастық, құрмет, теңдік және кемсітушілікке жол бермеу құндылықтарын нығайту.

Іске асыру принциптері

Университетте инклюзивті білім беруді дамыту халықаралық стандарттар мен білім беру саласындағы ұлттық басымдықтарды көрсететін келесі принциптерге негізделген:

- білім алу қажеттіліктеріне, денсаулық жағдайына және басқа да ерекшеліктеріне карамастан әрбір студенттің қадір-қасиеті мен бірегейлігін тану;
- физикалық, ақпараттық, педагогикалық және әлеуметтік құрамдастарды қамтитын білімнің қолжетімділігі;
- білім беру траекториясын, оқыту формалары мен әдістерін таңдауға ерікті қатысу және еркіндік;
- инклюзивті ортаны қалыптастыруға және жүзеге асыруға білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын - оқытушылардан, студенттерден, университет қызметкерлерінен бастап ата-аналарға, волонтерлерге және сыртқы серіктестерге дейін тарту;
- Инновация және өзгерістерге ашықтық: оқуға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту үшін заманауи білім беру және цифрлық технологияларды енгізу.

4. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары

4.1. Кедергісіз білім беру ортасын қалыптастыру

Қолжетімді физикалық, ақпараттық және академиялық ортаны құру инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың негізгі шарты болып табылады:

- университеттің инфрақұрылымын пандустармен, лифтілермен (мүмкіндігінше), тактильді белгілермен, әмбебап санитарлық бөлмелермен және кедергісіз ортаның басқа элементтерімен қамтамасыз ету;
- есту, көру және тірек-қозғалу аппараты зақымдалған білім алушыларды бейімдеуге көмекші техникалық құралдарымен оқу кабинеттері мен қоғамдық орындарды жабдықтау;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған электрондық білім беру ресурстарын, платформаларды және ақпараттық қызметтерді бейімдеу;
- көмекші техникалық құралдармен қамтамасыз ету (аудиокітаптар, үлкен қаріптер, сөйлеу синтезі функциясы бар бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б.).

4.2. Кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру

- университетте инклюзивті мәдениетті дамыту бойынша профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;
- педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларына инклюзивті білім беру бойынша модульдерді/пәндерді енгізу;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттермен жұмыс істеуге бағытталған әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге және сынақтан өткізуге педагогикалық ұжымның қатысуы.

4.3. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің қажеттіліктерін ескере отырып, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің мамандандырылған қорын қалыптастыру;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттермен оқу процесін ұйымдастыру бойынша оқытушыларға арналған әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын әзірлеу;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған университеттік нұсқаулықтарды әзірлеу.

4.4. Психологиялық-педагогикалық қолдау

- қолдау және әлеуметтік бейімдеу орталығының жұмыс істеуі;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге қолдау көрсету – университетке қабылдаудан жұмысқа орналасқанға дейін;

4.5. Инклюзивті білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды тәрбиелеу, әлеуметтендіру және бейімдеу мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу;

- инклюзивті тәжірибені дамытуға бағытталған магистрлік және докторлық зерттеулердің мүдделі тараптарымен тақырыптарды бекітіп, бірлесіп жүзеге асыру және оқу процесіне енгізілген зерттеу нәтижелерінің үлесі;

- инклюзивті білім беру мен практикасын дамыту бойынша әдістемелік құралдар, ғылыми мақалалар шығару;

- инклюзивті білім беру, арнайы білім беру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың құқықтары мәселелеріне қатысты мамандандырылған ұйымдар мен ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар және дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.

4.6. Әлеуметтік серіктестік және волонтерлік

- Үкіметтік емес ұйымдар, қайырымдылық қорлары, шетел университеттері және университеттердің ресурстық орталықтарымен ынтымақтастықты дамыту;

- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ересектерді қолдау бойынша волонтерлік бағдарламаларға студенттерді тарту, бірлескен іс-шараларды өткізуге көмектесу, тәлімгерлік;

- университеттік ортада инклюзия құндылықтарын нығайтуға бағытталған әлеуметтік бағыттағы жобаларды жүзеге асыру.

4.7. Мәдени-ағарту және тәрбие жұмыстары

- студенттердің мәдениетаралық және тұлғааралық қарым-қатынасына ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастыру;

- студенттердің инклюзивті өзін-өзі басқаруын және көшбасшылығын дамыту.

5. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіндегі инклюзивті білім беруді дамытудың тиімділігін бағалау тетіктері мен көрсеткіштері

5.1. Іске асырудың негізгі механизмдері

Университет тәжірибесіне енгізу принциптерін дамыту және тұрақты енгізу үшін келесі ұйымдастырушылық-педагогикалық тетіктер қарастырылған:

- нормативтік-құқықтық және стратегиялық камтамасыз ету: ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескеретін жалпы және ішкі ережелерді әзірлеу және бекіту;

- үйлестіру құрылымдарын құру: Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды қолдау және әлеуметтік бейімдеу орталығының және инклюзивті білім беру бойынша жұмыс топтарының жұмыс істеуі;
- кадрлардың біліктілігін арттыру: инклюзивті білім беру мәселелері бойынша курстар мен семинарларды жүйелі ұйымдастыру, педагогтарды қолдау мен тәжірибеге бағытталған оқытуды дамыту;
- ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету: әдістемелік ұсыныстарды, оқу-әдістемелік құралдарды құру;
- волонтерлік бастамаларды дамыту: ерекше білім беру қажеттіліктері бар бнлнм алушыларды қолдау жобаларына студенттер мен оқытушыларды тарту, бірлескен акциялар мен іс-шаралар өткізу.

5.2. Бақылау және бағалау жүйесі

Тұжырымдаманы іске асыру барысын бағалау академиялық, әлеуметтік және кадрлық құрамдас бөліктерді қамтитын сапалық және сандық көрсеткіштер жүйесі негізінде жүзеге асырылатын болады.

Бағалаудың негізгі бағыттары мен көрсеткіштері:

Бағыт	сандық көрсеткіштер	сапалық көрсеткіштер
Академиялық колжетімділік	– оқу жылын сәтті аяқтаған ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер саны; - ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің оқу үлгерімінің деңгейі;	- Білім алушылардың оқу материалдарын колжетімділігіне қанағаттануын бағалау;
Әлеуметтік колжетімділік	- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің іс-шараларға қатысуы (%-бен);	- студенттердің студенттік өзін-өзі басқаруға қатысу дәрежесі;
Кадрлар дайындығы	– инклюзивті білім беру курстарын бітірген профессорлық-оқытушылар құрамының саны;	- ерекше білім беру қажеттіліктерімен жұмыс істеуде профессорлық-оқытушылық құрамның құзыреттілігін өзін-өзі бағалау деңгейі;
Инфрақұрылым	– Ғимараттардағы жабдықталған оқу кабинеттерінің саны;	- оқу кабинеттерінің жабдықталуын бағалау; - ғимараттар бойынша сандық көрсеткіштер;

	- Ғимараттар мен жатақханаларға пандустардың, кең есіктердің, қолжетімді кіреберістердің болуы; - лифттер, шақыру түймелері, белгілер (Брайл шрифтімен); - тұтқалары бар, кеңейтілген кеңістігі бар арнайы жабдықталған санитарлық-гигиеналық бөлмелер; - қозғалу мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін буфет, акт залы, конференц-залдың қолжетімділігі; - белгілер, тактильді еден плиткалары;	- Ғимараттар бойынша лифттер саны; - Ғимараттар бойынша жабдықталған бөлмелер саны; - Жалпы аумақтар кедергісіз ортамен жабдыкталу; - Ғимараттар көру және есту қабілеті нашар адамдарға арналған навигациямен жабдыкталу;
Цифрлық орта	- Кестелерді, оқу-әдістемелік материалдарды және нұсқаулықтарды қолжетімді форматта (PDF, DOCX, дауыспен) жариялау; - анонимді жауап беру мүмкіндігі бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін цифрлық кері байланыс формасының болуы; - қолжетімді форматтағы материалдары бар пәндер тізімі;	- қолжетімді форматтағы материалдары бар пәндер тізімі; - семестрде екі рет жаңартылатын белсенді Google формасы;

6. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің оқытушылары мен қызметкерлерінің инклюзивті білім беруді дамытудағы кәсіби құзыреттілігін арттыру

6.1. Біліктілікті арттырудың мақсат-міндеттері

Кадрлық әлеуетті арттырудың негізгі мақсаты – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің оқытушылары мен қызметкерлерінде арнайы

білім беру қажеттіліктері бар студенттермен тиімді қарым-қатынас жасауға, күнделікті педагогикалық тәжірибеге қосу принциптерін қолдануға және енгізуге мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттіліктерді дамыту.

Міндеттері:

- Оқытушыларға инклюзивті қолдаудың оңтайлы тәсілдерінің мәні, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер санаттары және оларға білім беру қажеттіліктерінің ерекшеліктері туралы хабардар болу деңгейін арттыру;
- педагогикалық ұжымның коммуникативті дағдыларын дамыту;
- инклюзивті білім беру саласындағы қызметкерлердің үздіксіз кәсіби өсуі және академиялық ұтқырлығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

6.2. Біліктілікті арттырудың бағыттары мен формалары

Кәсіби құзыреттілігін арттыру келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Оқытушылардың біліктілігін арттыру:

- инклюзивті білім беру негіздері, психологиялық-педагогикалық қолдау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдау және әлеуметтік бейімдеу тақырыптары бойынша қысқа мерзімді және модульдік курстар, вебинарлар, семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру.

Қайта даярлау және трансформациялау:

- жан-жақты және инклюзивті ортада оқытудың ерекшеліктерін көрсететін пәнаралық курстарды әзірлеу;

- қосымша білім беру бағдарламалары шеңберінде мамандандырылған педагогикалық білімі жоқ мамандарды қайта даярлау.

Кәсіби қоғамдастықтың қалыптасуы:

- инклюзивті білім берудің проблемалары мен перспективалары бойынша университетішілік және ЖОО аралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізу;
- оқыту ортасына тәлімгерлік пен өзара кеңесуді енгізу.

Ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу:

- Инклюзивті білім беруге қатысты тақырыптарда педагогтардың ғылыми жобаларға қатысуын ынталандыру;
- ғылыми мақалаларды, әдістемелік ұсыныстар мен оқу-әдістемелік құралдарды дайындау және басып шығару;

6.3. Тиімділікті және мақсатты индикаторларды бағалау

Кәсіби құзыреттілікті дамыту жөніндегі шаралардың тиімділігін бақылау үшін келесі көрсеткіштер пайдаланылады:

- инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен оқытушылардың үлесі;
- Инклюзивті білім беру бойынша университет қызметкерлері дайындаған ғылыми жарияланымдар саны;
- Оқытушылардың білім беру курстарының мазмұны мен сапасына қанағаттану дәрежесі (сауалнама негізінде);
- Оқытушыларды инклюзивті білім беру тақырыбы бойынша университетаралық және халықаралық жобаларға қосу.

ЖОО университеттерде инклюзивті білім беруді дамытудың халықаралық тәжірибесі

Дүние жүзіндегі университеттерде инклюзивті білім беруді дамыту Халықаралық нормативтік құқықтық актілермен, соның ішінде БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясымен (CRPD) және Инчхон декларациясында (2015) белсенді түрде қолдау көрсетіледі. Бұл құжаттар әркімнің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, кемсітусіз білім алуға тең қол жеткізу құқығын бекітеді. Төменде әртүрлі елдердің сәтті үлгілері мен тәжірибелерінің мысалдары берілген.

Ұлыбритания: «оқытудың әмбебап дизайны» моделі (UDL)

- Оқу материалдары мен оқыту әдістері бастапқыда барлық студенттер үшін қолжетімді болатындай етіп әзірленетін тәсіл.
- Ерекше білім беруде қажеттілігі бар студенттер қосымша ресурстар алуға құқылы (мысалы, лекциялардың сандық нұсқалары, тьюторлардың көмегі, субтитрлер).

Мысал:

University of Cambridge және University of Leeds ақпарат беру форматын тандау мүмкіндігімен онлайн-жүйелерді пайдаланады, «Disability Resource Centre» жекелеген қызметтерін қолдайды.

АҚШ: ADA заңы және қолдау қызметтері арқылы дараландыру

- «Americans with Disabilities Act» (ADA) Заңы университеттерді ақылға қонымды жағдайларды қамтамасыз етуге міндеттейді: қолжетімді кампустар, бейімделген емтихандар, ассистивті технологиялар.
- Жоғары оқу орындарында мүгедектігі бар студенттерді қолдау (Disability Services Offices) кеңселері жұмыс істейді, олар курстарды сүйемелдеуді, бейімдеуді және құқықтарды қорғауды ұсынады.

Мысал:

Harvard University және University of California, Berkeley студенттерге жеке бейімделу жоспарларын ұсынады, тьюторлар мен психологтармен бірге жүреді, сондай-ақ «Campus Accessibility Initiative» бағдарламасына қатысады.

Канада: университет этикасының бір бөлігі ретінде инклюзия

- Инклюзивтілік университет этикасының міндетті элементі болып саналады.
- Онлайн-білімге қол жеткізуге, тәлімгерлік, инклюзивті оқыту әдістемелері мен академиялық кеңес беруге назар аударуды көздейді.

Мысал:

University of British Columbia «Equity and Inclusion» стратегиясын іске асыруда, оның аясында теңдік саясаты мен инклюзивті педагогика бойынша пәнаралық курстар енгізіледі.

Финляндия: ведомствоаралық байланыстар арқылы интеграция

- Инклюзивті орта құруда жоғары оқу орындарын кеңінен мемлекеттік қолдау.
- Әлеуметтік қызметтермен, мектеп жүйесімен және ата-аналар қауымдастығымен тығыз өзара іс-қимыл.

Мысал:

Хельсинки университеті икемді білім беру траекторияларын ұсынады және ұтқырлығы шектеулі студенттерді қашықтықтан оқытуға арналған платформаны қолдайды.

Австралия: цифрлық және кеңістіктік қолжетімділік

- LMS (оқытуды басқару жүйелерінде) «digital-first accessibility» қағидатын енгізу.

- Құрылыс нормалары мен сандық инфрақұрылым әмбебап дизайн қағидаттарын ескере отырып әзірленеді.

Мысал:

University of Melbourne және Monash University - цифрлық сүйемелдеудегі көшбасшылар, бейнелеудің баламалы режимдері бар интерфейстерді және бейімделген емтихан тапсыру сервистерін пайдаланады.

- Халықаралық тәжірибе инклюзия - бұл жеке жоба емес, университет өмірінің барлық аспектілеріне интеграцияланған жүйелі тәсіл екенін көрсетеді.

Табысты модельдер:

- пәнаралық өзара іс-қимыл;
- білім беруді цифрлық трансформациялау;
- басқаруға және жоспарлауға ерекше білім беруде қажеттілігі бар студенттерді белсенді тарту;
- міндетті кадрлық даярлық;
- нормативтік және этикалық негіз.

7. Күтілетін нәтижелер

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде инклюзивті білім беруді дамытудың 2025-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру теңдік, қолжетімділік, алуан түрлілік және әлеуметтік әділеттілік қағидаттары білім беру, ғылыми және тәрбие қызметінің барлық аспектілерінде іске асырылатын университеттің орнықты моделін қалыптастыруға бағытталған.

7.1. Институционалдық нәтижелер

Жоғары оқу орнының даму стратегиясына интеграцияланған және басқарудың барлық деңгейлерінде қолдау көрсетілетін инклюзияның тұрақты мәдениетін қалыптастыру;

- Оқу және тәрбие процестерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды қолдауды регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеу және енгізу;

- Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді, консультация беруді және ерекше білім беруде қажеттілігі бар студенттерге әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз ету үшін ЖОО базасында ЕББҚ бар студенттерді қолдау және әлеуметтік бейімдеу орталығының жұмыс істеуі;

- Кедергісіз орта мен цифрлық қолжетімділік талаптарына сәйкес келетін материалдық-техникалық базаны қамтамасыз ету.

7.2. Академиялық және білім беру нәтижелері

- Даярлықтың барлық бағыттары бойынша оқытуға инклюзивті тәсілдерді енгізу;

- Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша оқытушыларды даярлау және қайта даярлау;

- Студенттердің уәждемесін және академиялық табыстылығын арттыру;

- Ерекше білім беруде қажеттілігі бар студенттердің университетте оқу, ғылыми және сабақтан тыс қызметіне қатысуының тұрақты деңгейіне қол жеткізу.